

9

Пернетақтамен танысу

**1-тапсырма. Анықтамасын жаз.**

Пернетақта дегеніміз – _____

Меңзер дегеніміз – _____

**2-тапсырма. Перненің атауын қызметімен сәйкестендір.**

Перненің атауы
Esc
Enter
Space
Backspace
Delete
Бағдаршалар
CapsLock
Shift + әріп

Қызметі
Меңзерді мәтінде жылжытады.
Сөздердің арасына бос орын қояды.
Кіші әріпті бас әріпке ауыстырады.
Соңғы команданы болдырмайды.
Әріптерді бас әріппен жазады.
Жолды енгізуді аяқтайды, команданы орындайды.
Меңзердің сол жағындағы символды өшіреді.
Меңзердің оң жағындағы символды өшіреді.

20



3-тапсырма. Кестедегі сөздерді теруде қате жіберілген. Осы қателерді тауып, түзетілген нұсқасын ұсын.

Қате сөздер	Пернелер	Түзетілген сөздер
ерасыл	Shift + E	Ерасыл
мектеб		
Туғанжер		
құстар		
Меніңаулым		
тағта		



4-тапсырма. Ребустарды шеш.

а)

Д = Н



Жауабы:

ә)



Ж = З



Жауабы:


☐

☐

☐